КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 ақпан №5265-25-00-2/271 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Шымкент обаға қарсы күрес станциясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Шымкент обаға қарсы күрес станциясы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшының пайдасына тұрақсыздықты 61 072 (алпыс бір мың жетпіс екі) теңге 45 тиын өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 07.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Конысбаева Д. М., 23.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 3 978 (үш мың тоғыз жүз жетпіс сегіз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 07.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Конысбаева Д. М., 23.04.2025

5265-25-3-1/242